


**Теміртау қаласы әкімдігінің
« Теміртау қаласы №9 лицейі» КММ
2020-2021 оқу жылында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті
қалыптастыру мен «Адал Ұрпақ» ерікті клубы бойынша
жүргізілген жұмыстардың талдауы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылының 14 сәуір айындағы көлеңкелі экономикаға қарсы №234 Қаулысы және 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы стратегиясын жүзеге асыру және Теміртау қалалық білім беру бөлімінің 25 наурыз 2016 жылының №63 бұйрығы негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға байланысты мектепшілік жоспар жасалып бекітілді.


Қыркүйек айында «Адал Ұрпақ» ерікті мектепшілік клубының жұмысын ұйымдастырып, жоспарын бекіттік.

Қыркүйек айында «Ата-аналарға бұрышын рәсімдеу» мақсаты - жиналыс барысында құқықтық тәрбиелеуде және құқықбұзушылықтарға, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа, төзбеу мәдениетін қалыптастыруда отбасының рөлі көрсету. Ата-аналарға балаларда құқықты, заңдарды, құқылық тәртіпті құрметтеуге тәрбиелеу бойынша практикалық ұсыныстар берілді.


Қазан айында ҚТЖ орынбасары Б.Джанбырбаевамен тарих пәнінің мұғалімі А.Алпемиштің ұйымдастыруымен «Парасатты азамат» бұрышын ұйымдастырды. Бұрыштың басты мақсаты- азаматтық,патриоттық тәрбие беру, кез-келген адамның құқығын, бостандығын және міндетін құрметтеу,адамгершілік қасиет пен этикалық сананы қалыптастыру,жемқорлықты қабылдамау,шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастыру.



Қазан айында «Оқушылардың адамгершілігі мен құқықтық мәдениетін жоғартауға бағыталған тақырыптық» сынып сағаты 7 Б –сыныбымен Zoom платформасында өтті. Мақсаты-патриотизм, отан үшін мақтаныш, қоғамдық тәртіпке құрмет, еңбек сүйгіштік, жауапкершілік, тәртіп, құқықтық негіздерді білу және құрметтеу сияқты сияқты жеке тұлғаның қасиеттерін дәріптеу ұсынылады. Осы жас тобындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің негізгі міндеті - құқықтық сананы қалыптастыру.



Қазан айында «Қоғамдық тәртіп-пікірталас» атты тақырыбында «Адал ұрпақ» ерікті клубының мүшелермен Zoom платформасымен пікірталас өткізілді.




Ата-аналар бұрышы



Қараша айында «Біздің таңдауымыз-заңды мемлекет» тақырыбында өткізілген құқықтық дәріс өткізілді. «Мәңгілік Ел» жалпы азаматтық құндылықтарды насихаттау, заң алдында барлығының тең екендігін үйрету, еңбексүйгіштікке, адалдыққа тәрбиелеу мақсатында жоспарға сай бастауыш сыныптарда дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Оқушылар Заң мәселесі бойынша аз ақпараттар білседе болашақ елінің патриоты ретінде мұғалімдерді бір қуантты.

Бүгінгі құқықтық дәрісімізді Б.Момышұлының «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген мына қанатты сөздермен бастап, бүгіндері құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адамның өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан, заңды білу – заман талабы дей отырып «Біздің таңдауымыз – заңды мемлекет» атты дөңгелек үстел өтілді. «Біздің таңдауымыз – заңды мемлекет» тақырыбында өткен дөңгелек үстел барысында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарын, сондай-ақ біздің елімізде оның қалыптасу ерекшеліктері талқыланды. Жиында оқушылар өз ойларын ортаға салды. Ал жемқорлықпен күрес саласының мамандары тақырып төңірегінде түсіндіру жұмыстарын өткізді. Бүгінгі құқықтық дәрісімізді Н.Ә.Назарбаевтың: «Ата заң әркімнің бойтұмары болып, оның әрбір қағидасы мүлтіксіз орындалғанда ғана ортақ мақсатқа қол жеткіземіз» деген сөзімен аяқтадық.



Желтоқсан айында «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты суреттер көрмесі 7-11 сыныптар арасында өткізілді.

